

"Инкай" Бірлескен кәсіпорын" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдау бойынша хаттама

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

ММ "Түркістан облысы Созақ ауданы Қыземшек ауылы әкімінің аппараты"

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

"Инкай "БК" ЖШС кен орнының әсер етуге арналған рұқсат алуға өтінім беру материалдары (ЖБШН, ЖБТН, ӨЭБ, ҚББ, ТҚІШ), сондай-ақ «Инкай» кен орнының ПВ-1 учаскесінде қолда бар ӨЕКЦ реконструкциялаумен УШТТ түрінде жылына 4000 тонна уран өндірістік қуатымен аффинаж цехын салу» және «ОПЗ, Сателлит-1, Сателлит-2 учаскелерде сарқынды суларды биологиялық тазарту станцияларын салу» жобаларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

«Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, "Инкай "БК" ЖШС кеніші, Тайкөныр ауылынан 10 км жерде

Координаты: СЕ – 44°02'56.2", ШБ – 68°52'00.5".

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайкөныр с/о.

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Инкай БК» ЖШС-гі, ҚР, Шымкент қ-сы, Қонаев д-лы, 80, БСН 960340001136. Тел: +7 7252 997 182, Факс: +77252 997 183

Канцелярия: office@inkai.kz

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«AsiaGeoProject» ЖШС, БСН 050640011530, мекен-жайы: ҚР, 050040, Алматы қ.,
Коктем 1 ш/а, 15А 201офис тел.: +7 (727) 311-99-22
Канцелярия: asiageoproject@gmail.com

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

02.04.2024 ж., 12 сағ 00 мин – қоғамдық тыңдаулардың басталуы. Тайқоңыр ауылы,
«ДЕМУР» мәдениет үйінің ғимаратында

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі:

Сұрау-хат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 2-3-қосымшасында ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 4-қосымшада көрсетілген.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда;

<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=16757>

«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі, жарияланған күні: 27.02.2024 г.

Ақпараттың көшірмесі (орыс тілінде) осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 5-қосымшада келтірілген.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

<https://ecoportal.kz>.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

- Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыруы 21.02.2024 ж. «АЙҒАҚ» №07 газетте орналастырылды;

хабарландырудың газет нұсқасы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 6-қосымшада келтірілген.

- «АЙҒАҚ» телерадиокомпаниясының эфирінде 21.02.2024 ж. жарнама орналастырылды.

эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 7-қосымшада ұсынылған.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайкөне с/о «DEMUR» мәдениет үйі мекенжайы бойынша 2 дана хабарландыру Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 8-қосымшада фотоматериалдар қоса беріледі

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Осы қоғамдық тыңдаулардың төрағасы тағайындалады

Әбіл Марс Ерланұлы – Қыземшек кенті әкімінің кеңесші іс басқарушысы

Осы қоғамдық тыңдаулардың хатшысы тағайындалады

Садықов Шыңғыс Жамбылұлы – «AsiaGeoProject» ЖШС мекемесінің экологы

Дауыс берілді "қарсы емес" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0.

Ашық отырыстар нысанында қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидалары бекітілсін:

1 Баяндама түріндегі материалдарға шолу. Ұсынылған уақыт шегі – 25 минутқа дейін.

Дауыс берілді "қарсы емес" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0.

2. Сұрақ-жауап, ұсыныстар, пікірлерге жауаптар. Ұсынылған уақыт шегі – 15 минутқа дейін.

Дауыс берілді "қарсы емес" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0.

3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған уақыт шегі – 5 минут.

Дауыс берілді "қарсы емес" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0.

Ереже бірауыздан бекітілді.

Қоғамдық тыңдаулар бірауыздан өткізілді деп танылды.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: Садықов Шыңғыс Жамбылұлы – «AsiaGeoProject» ЖШС инженер-экологы, әзірлеуші ұйымның өкілі.

Қоғамдық тыңдауларға ұсынылған құжаттар бойынша баяндаманың 9 беттегі мәтіні (24 слайдтың көрсетілімі) осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 9-қосымшада қоса берілген.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі".

Қоғамдық тыңдаулардың осы хаттамасына 10-қосымшада қоғамдық тыңдауларға дейін және оның барысында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі қоса берілген..

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:


Қоғамдық тыңдауға қатысушылардан есептің толықтығы мен қолжетімділігіне қатысты ескертулер мен шағымдар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Әбіл Марс Ерланұлы – Қыземшек кенті әкімінің кеңесші іс басқарушысы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)



02.04.2024 ж.

(қолы, дата)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Садықов Шыңғыс Жамбылұлы – “AsiaGeoProject” ЖШС мекемесінің экологы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)



02.04.2024 г.

(қолы, дата)

Приложение 1

Сводная таблица замечаний и предложений, поступивших до и в ходе проведения общественных слушаний

№ пп	Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации)	Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации)	Примечание (снятое замечание или предложение, "не имеет отношения к предмету общественных слушаний")

Замечаний и предложений не поступало

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 24411251001, Дата: 12/02/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Материалы на получения разрешения на воздействия для ТОО "СП "Инкай" (Раздел ООС к Рабочему проекту «Строительство станций биологической очистки сточных вод на участках ОПЗ, Сателлит-1, Сателлит-2», Раздел ООС к Рабочему проекту «Строительство аффинажного цеха производственной мощностью 4000 т урана в год в виде ЗОУ с реконструкцией существующего ЦППР на участке ПВ -1 месторождения Инкай», НДС, НДС, ПЭК, ПУО, ППМ)

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайканыр, дом культуры "DEMUR", 02/04/2024 12:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (10 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

газета "АЙҒАҚ"; Телерадиокомпания "АЙҒАҚ"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

дом культуры "DEMUR"

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "ИНКАЙ" (БИН: 960340001136), 8-725-466-0701, GSABENOVA@INKAI.KZ,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 24411251001, Дата: 13/02/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24411251001, от 12/02/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы на получения разрешения на воздействия для ТОО "СП "Инкай" (Раздел ООС к Рабочему проекту «Строительство станций биологической очистки сточных вод на участках ОПЗ, Сателлит-1, Сателлит-2», Раздел ООС к Рабочему проекту «Строительство аффинажного цеха производственной мощностью 4000 т урана в год в виде ЗОУ с реконструкцией существующего ЦППР на участке ПВ -1 месторождения Инкай», НДВ, НДС, ПЭК, ПУО, ППМ), в предлагаемую Вами 02/04/2024 12:00, Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайканыр, дом культуры "DEMUR"(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "ИНКАЙ" (БИН: 960340001136), 8-725-466-0701, GSABENOVA@INKAI.KZ,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Регистрационный лист
участников общественных слушаний от 02.04.2024 г.

№ п/п	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Контактный номер телефона	Формат участия (очно или посредством конференц связи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	2	3	4	5	6
1	Анжуаева Р	муратов		очно	
2	Маменов М	муратов		очно	
3	Вобраев С.	Турдыев		очно	
4	Темельбаев	Чотурдун Чинай		очно	
5	Куантас А.	Микай Кожиев КЗП		очно	
6	Мамралиев К.М.	СенДир ДТБ		очно	
7	Асаров А.У.	Директор		очно	
8	Дюсат Аманжол	Зак. ГН по производству		очно	
9	Оксикбаев К	Тайи Тур		очно	
10	Ормандасаров	Тайи Тур		очно	
11	Ожыбаев В.	Тайи Тур		очно	
12	Мураталиев Э.В.	Мураталиев		очно	
13	Тунгатарова Б.А.	УПРиРП Туркестанской области		посредством конф-связи	
14	Эбин Марс Ерланулы	Қозғалысқа келіп өкілінің қызыметін бағдарлаушы		посредством конф-связи	
15					
16					

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «ИНКАЙ», в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 02.04.2024 г. в 12:00 по адресу: РК, Туркестанская область, Сузакский район, с.Тайканыр, в здании дома культуры **DEMUR** проводятся общественные слушания по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие (НДВ, НДС, ПЭК, ПУО, ППМ), а также Разделы «Охрана окружающей среды» к проектам: «Строительство аффинажного цеха производственной мощностью 4000 т урана в год в виде ЗОУ с реконструкцией существующего ЦППР на участке ПВ-1 месторождения «Инкай» и «Строительство станций биологической очистки сточных вод на участках ОПЗ, Сателлит-1, Сателлит-2».

Разработчик проектов: ТОО «AsiaGeoProject», РК, 050013, г. Алматы, ул. 5-я Кирпичнозаводская, 15, БИН 050640011530, моб.тел.87772334722, электронный адрес: bsa@asiageoproject.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «ИНКАЙ», РК, г. Шымкент, пр.Кунаева, зд.80, БИН 960340001136, электронный адрес: tabisheva@inkai.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов д.27п E-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественное слушание проводится в онлайн-режиме. Ссылка:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn=72459765376>

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по электронной почте: a.shymabekova@ontustik.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: РК, 050013, г. Алматы, ул. 5-я Кирпичнозаводская, 15. ТОО «AsiaGeoProject», моб.тел: 87772334722, e-mail: bsa@asiageoproject.kz.



« **БЕРДІБЕК САПАРБАЕВ:**

ДАҒДАРЫС МЕНЕДЖЕРІ ФЕНОМЕНІ»



Астанадағы Еуразия Ұлттық университетінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевқа арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Парламент Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова қатысты. Сондай-ақ, іс-шараға Бердібек Машбекұлымен бірге қызмет жасаған Президент Әкімшілігінің, Парламенттің, Үкіметтің мүшелері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және осы саланың ардагерлері, Кеден комитеті өкілдері, Қызылорда, Түркістан, Абай, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарынан, Шымкент қаласынан қонақтар арнайы келді.

«Бердібек Сапарбаев: Дағдарыс менеджері феномені» ғылыми-практикалық конференциясы бір алаңда танымал саясаткерлер, депутаттар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерінің басын қосты. Конференцияға қатысушыларға жолдаған Мемлекет басшысының хатын ҚР Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов оқып берді.

«Бердібек Машбекұлы - Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірқатар өңірлерге және мемлекеттік орган-

дарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелейміз. Қайраткер тұлғаның адами қасиеттері, көсібі біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге», - делінген құттықтауда.

Мәжіліс Төрағасы Бердібек Сапарбаевтың қайраткерлік, тұлғалық және адами болмысы туралы естеліктер айтты. - Ол кісінің мәнді де мағыналы ғұмыры бейнелеп айтқанда «аттың жалында, түйенің қомында» өтті деуге болады. Еліміздегі ең қиын салаларға жетекшілік жасады. Бес бірдей облысқа әкім болған Қазақстандағы жалғыз тұлға. Бердібек Машбекұлы сол өңірлерге барлық мәселе күйіп тұрған кезде басшылық етті. Қазір осы 5 облыс дербес 7 облысқа айналды. Ол нағыз кризис-менеджер болды деп айта аламыз. Бердібек Машбекұлы барғаннан кейін сол аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтарлықтай оңала бастайтынын бөріңіз білесіздер», - деді

Е.Қошанов.

Шара аясында жазушы Құлбек Ергөбектің «Ерен де берен Бердібек», «Бердібек Сапарбаев. Өнегелі өмір» атты кітаптары таныстырылды. Туындыда қайраткер туралы деректер, туыстарының, үзеңгілес әріптестерінің естеліктері топтастырылған. Оқырман қауымға жол тартқан кітаптардың тұсауын авторлармен бірге Бердібек Машбекұлының жұбайы Қалдығайша Сапарбаева кесті.

Конференцияға қатысушылар алдында сөз алған Тамара Дүйсенова шараның басты мақсаты Сапарбаевтың мемлекеттік басқару ісіндегі іргелі бастамалары мен озық тәжірибелерін зерттеп, пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру екеніне мән берді.

«Ең әуелі, ол кризис менеджер болды. Бұл — баршаға белгілі ақиқат. Мемлекетіміздің басшылығы әрдайым халықтың жағдайын жақсы білетін, әр істі қашан да тыңғылықты атқаратын Бердібек Машбекұлына ең қиын, күрделі салаларды сеніп тапсыратын. Ол қай жерде, қандай лауазымда қызмет етсе де, халықтың мүддесі мен әлеуметтік жағдайын, тұрғындардың денсаулығын ерекше

назарда ұстады. Табысты еңбегінің арқасында көпшіліктің ықыласы мен құрметіне бөленді», - деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Вице-премьер Бердібек Сапарбаевтың экономика ғылымдарының докторы болғанын, теориялық түрде меңгерген білімін іс жүзінде пайдаланып, инвестиция тарту механизмдерін жүзеге асырғанын тілге тиек етті. Одан бөлек отандық ғалымдарға қолдау көрсете отырып, пандемия тұсында коронавируска қарсы вакцина шығаратын зауыт құрылысының басы-қасында жүргені туралы да айтылды.

«Бердібек Сапарбаев тұтас буынға тәлім-тәрбие беріп, отаншыл, мемлекетшіл тұлғалар легін өсіріп шығарған ұлағатты ұстаз болды. Мемлекеттік қызметке білікті мамандар даярлауға, кадрлар резервін қалыптастыруға айырықша көңіл бөлді. Олардың бойына мемлекетшілдік қасиет пен «адал азамат» тұжырымдамасын сіңіруге әрекет етті. Шәкірттерінің ішінен көптеген мемлекет және қоғам қайраткері шықты», - деді Тамара Дүйсенова.

Тұлғаның елге сіңірген еңбегі туралы Қазақстанның халық әртісі Досхан Жолжақсынов пен айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков те пікір білдіріп, оның шығармашылық пен руханиятқа деген жанашырлығын тілге тиек етті. Ғылыми ортаға көрсеткен қамқорлығы туралы ҚР Президентінің ғылым және инновациялар жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Закарья атап өтті. Сондай-ақ ол саясаткерге жоғары дәрежелі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы бастама көтерді.

Шолушы.

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰТЫНУ ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СУДЫҢ ӘРТҮРЛІ ТАРИФТЕРІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Тарифтер «суды үнемдеу мәдениетін арттыру және ресурстарды үнемдеуді ынталандыру» үшін енгізіледі. Су және ирригация министрлігінің басшысы Нұржан Нұржігітовтың айтуынша, бұйрық 11 ақпаннан бастап күшіне енді. Іске асыру өңірдегі әрбір монополистің қолдануына байланысты.

I топ — тұтыну мөлшері айына 3 м3 дейін, қолданыстағы тариф қолданылады (халықтың 49%-ы тұтынады);

II топ — айына 3-тен 5 м3-ге дейін тұтынумен, қолданыстағы тарифке + 20% (халықтың 20% тұтынатын);

III топ — айына 5 м3-ден 10 м3-ге дейін тұтынумен, қолданыстағы тарифке +50% (халықтың 20% тұтынатын);

IV топ — айына 10 м3 жоғары тұтынумен, қолданыстағы тарифке +100% (халықтың 11% тұтынаған).

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, қосымша кіріс шамамен 13 млрд теңгені құрайды. Ақша желілер мен жабдықтарды қайта құруға жұмсалады.

«Айғақ»-ақпарат.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ 50%-ҒА ӨСЕДІ



2023 жылдың қыркүйегінде 250 мың колледж студентінің шәкіртақысы 50%-ға өсті. Биыл қатарғы 300 мыңға жуықтаған студенттің стипендиясы тағы 50%-ға артады, деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігі.

«Орта буын мамандықтарының студенттері қазіргі 31 422 теңгенің орнына 41 896 теңге алады. Жұмысшы біліктілігі бар студенттер үшін шәкіртақы 32 681 теңгеден 43 574 теңгеге дейін көтеріледі», - деді ТжКБ бас сарапшысы Дархан Сатанов.

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерге тамақ пен жолақы сияқты әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Еліміздегі колледждерде барлығы 542 мың студент оқиды. Оның 344 мыңы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған.

Елорда.

МИНИСТРЛІК СУ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Парламент Мәжілісіне енгізілді. Бұл бірқатар ауқымды жаңашылдықтарды қамтитын және Қазақстанның су заңнамасын өзектендіруге мүмкіндік беретін іргелі құжат.

Жаңа Кодекстің мақсаты экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік беретін суды пайдаланудың қауіпсіз деңгейіне қол жеткізу және оны ұстану болып табылады. Қолданыстағы құжаттан айырмашылығы, осыған дейін су - экономикалық пайдаға қол жеткізу құралы ретінде ғана қарастырылған.

1. Жаңа Су кодексінде суды үнемдеу аса маңызды рөл атқарады. Мысалы, су пайдаланушылар су ресурстарын ұтым-

ды пайдалануға, суды үнемдеу технологиялары мен суды қайта пайдалану жүйелерін енгізу жөнінде шаралар қабылдауға, сондай-ақ жерасты ауыз сулары мен мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге міндетті. Ал суды қайта пайдалану жүйесі жоқ ұйымдар жаңа кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жылдан кешіктірмей мұндай жүйелерге көшу жоспарын ұсынуы тиіс. Бұл ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларына қатысты.

2. Сондай-ақ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізу деңгейіне байланысты беру қызметтері үшін төмендетілген тариф және субсидия түрінде мемлекеттік қолдау көзделген.

3. Су саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілік заңнамалық деңгейде күшейтіледі. Мысалы, министрліктің бассейндік инспекцияларына мемлекеттік бақылау функцияларымен қатар қадағалау функциялары да беріледі. Бұл су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мұқият бақылауға, оларды өз бетінше пайдалануға қарсы күресуге, гидротехникалық құрылыстарды пайдалану қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге және тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын бақылауға мүмкіндік береді.

4. Ауыз судың сапасын жақсартуға қойылатын талаптар пайда болды.

Жалғасы 2-ші бетте

ДАРХАН САТЫБАЛДЫ СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ КӨРСЕТКІШІН КӨТЕРУ БОЙЫНША НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін озық технологияны пайдалану көрсеткішін көтеру мақсатында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды су үнемдеу технологияларын өндіруші, жеткізуші кәсіпорындар мен тауар өндірушілермен кездесті. Оларды байланыстырып, заманауи технологияларды өндіру бойынша ұсыныстарын тыңдады.

Биыл су үнемдеу технологиясын қосымша 22 мың гектарға өндіру жоспарлануда. Негізгі мақсат — шөлейтті аймақ болып есептелетін Түркістан өңірінде жаңа технологияның көмегімен өнім көлемін арттыру, шаруаларға тиімді жол ұсыну. Әрі мемлекеттің субсидиясы қарастырылған. Озық технологияны таңдаған шаруаларға қаржының тең жартысын мемлекет өтеп береді. Су арналарына жақын орналасқан жерлерде кооператив құрып, біріккен диқандарға да қолдау бар.

Заманауи қондырғылар АҚШ, Израиль, Еуропа, Қытай, БАӘ мен Қытай елдерінде жасалады. Облыста су үнемдеу технологияларын шығаратын кәсіпорындарды ашу инвестициялық жобалары жүзеге асуда. Жаңбырлатып суару машиналарын шығаратын еліміздегі тұңғыш зауыт Түркістан облысында іске қосылды. Түркістан маңындағы өндірістік паркте «BNK Group LTD» ЖШС-нің құны 4,1 млрд. теңгені құрайтын жылына 960 дана жаңбырлатып суару машиналарын шығаратын зауытының 1 кезеңі іске қосылды.

Сонымен қатар «ZHANAS-SYL» ЖШС-нің құны 6,1 млрд. теңгені құрайтын тамшылатып суару құрылғыларын шығаратын зауыт жобасы әзірленуде. Аталған жобалар

есебінен және Ауыл шаруашылығы министрлігінің су үнемдеу технологияларына кеткен инвестициялық шығыстарды өтеу үлесін 80 пайызға ұлғайту ұсынысы негізінде облыста су үнемдеу технологияларын өндіру жоспарын толығымен орындауға мүмкіндіктер бар. Қазіргі таңда жалпы алаңы 10,5 мың гектарға су үнемдеу технологияларын өндіру бойынша құны 17,8 млрд. теңгені құрайтын 11 инвестициялық жоба дайын.

Мамандардың айтуынша, жаңбырлатып суару әдісі — халықтың өл - ауқатын арттырып қана қоймай, өңірдегі экологиялық жағдайдың жақсаруына да септігін тигізіп отыр. Жаңбырлатып суару қондырғыларының заманауи түрлерін мамандар бағдарламасын ұялы телефонға жүктеп алып, үйде отырып та басқаруға болатынын айтады.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың су үнемдеу технологияларын өндіру тапсырмасын жүзеге асыру аясында Түркістан облысында су үнемдеу технологияларын өндіру шаралары кеңейтіліп, қаржыландыру тетіктері мен механизмдері қарастырылуда. Біз, облыс әкімдігі тарапынан бұл бағытты қолдауға барлық мүмкіндіктерімізді қарастырамыз. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану — маңызды міндеттің бірі. Алғашқы кезекте біз суармалы алқаптарды қамтамасыз етуіміз керек. Аудан, қала әкімдері бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту керек. Сондай-ақ бұл жұмыстардың барысында Отандық өндірушілерге ба-



сымдық беріледі, — деді Дархан Сатыбалды.

Облыс әкімі су үнемдеу технологияларын өндіру жобаларына қажетті жеңілдетілген несие, субсидия көлемдерін есептеп, облыстық, республикалық бюджетке ұсыныс енгізуді тапсырды. Сонымен қатар «Ауыл аманаты» бағдарламасын су үнемдеу технологияларына бағдарлауды пысықтауды жүктеді.

Ауыл шаруашылығы саласында қолданылып жатқан озық технологияның бірі — тамшылатып суару. Түркістан облысында көптеген шаруа қожалықтары осы әдіске көшкен. Арнайы құрылғылар арқылы жасалатын бұл жүйенің тиімділігі көп. Атап айтқанда, тыңайтқыш көлемі 5-6 есе азаяды және мол өнім алуға болады. Ең бастысы, су үнемделеді.

Түркістан облысының шаруалары бірнеше жылдан бері егістікті жаңбырлатып және тамшылатып суару әдісіне көшіп жатыр. Техниканы тасымалдаушылар қондырғыны іске қосу, бассейн мен құдық қазу, тоқ беретін генераторды орнату секілді жұмыстарды толық мойнына алады. Алып

техника бір жүргенде кемінде аумағы 500 метр жерді суарады.

Облыстың оңтүстік өңірлерінде монодақылға айналған мақта дақылын рентабельділігі жоғары дөңдік жүгері, бұршақты дақыл және малазықтық дақылдармен алмастыру арқылы ауыспалы егісті өндіру жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Бұл бағытта дөңдік жүгеріні өткізу нарығымен қамтамасыз ету мақсатында, Шардара ауданының индустриалды аймағында 35 га аумаққа құны 32 млрд. теңгені құрайтын Түркия және Франция елдерінің технологиясымен «Жылына 150 мың тонна жүгері дөңі терең өңдеу зауыты» жобасы жүзеге асырылуда.

Ағын су тапшылығын төмендету мақсатында су үнемдеу технологияларын енгізу, су нысандарын қалпына келтіру және жаңа су қоймаларын салу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда 32 мың гектарға су үнемдеу технологиялары өндірілді.

Ағын су шығынын төмендету бағытында облыста су үнемдеу технологиялары 32,3 мың гектарға енгізілген (22 мың га. тамшылатып, 10,3 мың га. жаңбырлатып). Тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай су үнемдеу технологияларын өндіру көлемін 216,3 мың гектарға жеткізу қарастырылып отыр.

Ауыл шаруашылығы саласында кеңінен етек жайғалы отырған машина станциясының тиімді тұстары көп. Ол техникалық қызмет көрсетуде қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Әрі қауіпсіз. Энергия көзі ретінде дизель генераторы қолданылады. Ең бастысы — экономикалық жағынан тиімді.

Жаңбырлатып суару әдісінің арқасында арықпен суарылған жерлерге қарағанда астық мольрақ жиналады.

Түркістан.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР ЖАПОНИЯДА БІЛІМІН ШЫҢДАЙДЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрінің Нағоя университетінің (Жапония) профессоры Эйко Ямамото ханыммен өткен кездесу шеңберінде денсаулық сақтау жүйесі үшін кадрлық әлеуетті арттыру және медициналық білім беру саласындағы өріптестікті кеңейту саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

«Жапониямен, Сіздің еліңіздің Қазақстандағы елшілігімен бұрыннан келе жатқан достық қарым-қатынастарды ескере отырып, біз прогрессивті тәжірибеңіз бен біліміңізді қабылдау үшін жас дәрігерлерді, жаңа формациядағы денсаулық сақтау менеджерлерін даярлау ісінде өріптестіктің жаңа деңгейіне шығуға дайынбыз», — деп атап өтті министр Ақмарал Әлназарова.

Профессор Эйко Ямамото денсаулық сақтаудың жас көшбасшылары бағдарламасының шеңберінде бір жылдық оқу бағдарламасы туралы айтты.

«Бұл мемлекеттік қызметке, әсіресе Азия елдері министрлігінің қызметшілеріне, соның ішінде Қазақстанға арналған магистратура мамандығы бойынша бағдарлама. Бұл бағдарлама 20 жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келеді, бағдарлама қоғамдық денсаулыққа бағытталған, тек оқыту сегменті ғана емес, сонымен қатар Жапонияның денсаулық сақтау жүйесінің қалай жұмыс істейтінін және перменділігін көру үшін ауруханаларға, госпитальдарға, дәрханаларға және басқа да медициналық ұйымдарға бару сегменті де бар», — деді Ямамото ханым.

Кездесуді қорытындылай келе, министр әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, пул — жастар кадрлық резерві құрылатынын атап өтті.

Астана.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ол эпидемиологиялық, радиациялық және химиялық қатынастарда қауіпсіз болуы керек. Су құрамына қойылатын талаптар, талдау жүргізу түрлері мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

5. Елдімекендерді сумен жабдықтауға және су бұруға арналған тарау едәуір кеңейді. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін техникалық аудит тәртібін анықтайтын тармақ қосылды. Тағы бір жаңа тармақ - сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспарын әзірлеу ережелерін сипаттайды.

6. Еліміздің су ресурстарын сарқылусыз, ластанусыз және су объектілерінің бітелуінсіз пайдалануға ерекше назар аударылады. Мысалы, Каспий теңізінде көмірсутектерді барлаудан немесе өндіруден, сондай-ақ, тұз және емдік балшық өндіруден басқа жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

7. Су объектілерін қорғауға қойылатын талаптар күшейтілді. Халықтың және экономика салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су алудың рұқсат етілген көлемі туралы нормалар толығымен қайта өңделді. Лимиттер өзен, көл және теңіз экожүйесін сақтау үшін қажетті өзен ағындарын ескере отырып есептеледі. Сондай-ақ, су объектілерін қорғау бөліміне сулы-

МИНИСТРЛІК СУ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

батпақты жерлер мен мұздықтарды қорғау туралы жеке ережелер енгізілді.

8. Су объектілерінде немесе су қорғау аймақтарында жаңа құрылыстарды жобалау, салу және орналастыру, сондай-ақ учаскелерді су қорғау аймақтары мен белдеулеріне енгізілгенге дейін тұрғызылған құрылыстарды реконструкциялау жұмыстары Су ресурстары және ирригация министрлігінің бассейндік су инспекцияларымен келісетін болады.

9. Еліміздің су саласын климаттың өзгеруіне бейімдеуге жеке тармақ арналып отыр.

Ұсынылатын іс-шаралар қатарында бейімделу стратегиясын әзірлеу, жеке сектор мен азаматтық қоғамды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды тарту, жаңа технологияларды қолдану, ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдалану, өсімдіктерді суарудың үнемді әдістерін енгізу және құрғақшылыққа төзімді дақылдарды отырғызу, жаңа инфрақұрылым құру, оны жаңғырту және т.б. бар.

10. Су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауға көп көңіл бөлінеді. Мәселен, жаңа Су кодексінде коммерциялық емес ұйымдарға қоғамдық бақылауды жүргізу үшін министрліктен аккредитация алу ережесі жазылған. Ол үшін өтініш пен жарғының көшірмесін ұсы-

ну жеткілікті, өтінім берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мәселесіне жеке бөлім арналды. Кәсіпорындардың оларды пайдалану және олардың негізінде қауіпсіздік декларациясы ресімделетін көп факторлы тексеру жүргізу жауапкершілігі айқындалды. Гидротехникалық құрылыстардың техникалық қауіпсіздік регламентін әзірлеу көзделген, онда олардың түрлері мен конструкция ерекшеліктері, қауіпсіздік, жобалау, құрылыс, пайдалану, реконструкциялау және консервациялау жөніндегі талаптар жазылған.

12. Сондай-ақ, ҚР Үкіметі жанындағы Су кеңесінің міндеттері көрсетілген. Мысалы, суды қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясат, трансшекаралық су объектілері мен құрылыстарын бірлесіп пайдалану бойынша көрші елдермен өзара іс-қимыл, ірі инвестициялық жобалар бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу. Министрлік өз жұмысында Су кеңесінің ұсынымдарын ескереді.

13. Жыл сайын Ұлттық ақпараттық есеп жарияланады, онда өткен күнтізбелік жылдағы елдегі судың жай-күйі, қорғалуы және пайдаланылуы туралы мәлімет болады. Мысалы, өзендердегі су көлемі, гидротехникалық құрылыс-

тардың саны мен жай-күйі, су ресурстарын қорғау бойынша іске асырылған іс-шаралар туралы деректер, инвестициялық жобаларды іске асыру туралы мәліметтер және т. б.

14. Жаңа Су кодексінің жекелеген ережелері еліміздің су саласына инвестиция тартуды ынталандыруды және су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарды мемлекеттік қолдауды көздейді.

«Осы және басқа да ережелер біздің министрлікке өз міндеттерін жүзеге асыруға көмектесуі керек. Бұл суды үнемдеудің жалпыұлттық саясатын қалыптастыру және дамыту, су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелерін шешуге жұртшылықты тарту, ирригация жүйесін дамыту және басқа да маңызды мақсаттар. Жаңа Су кодексі еліміздің су ресурстарын тиімді пайдалану мен оны болашақ ұрпақ үшін сақтау арасындағы тепе-теңдікке деген ұмтылысын көрсетеді. Алдағы уақытта біз Мәжіліс, одан кейін ҚР Парламенті Сенатының депутаттарымен ұсынылып отырған іс-шараларды талқылайтын боламыз. Біз ашық және бірлескен талқылауға дайынбыз және депутаттардың ескертулерін, ұсыныстары мен идеяларын ескере отырып, міндетті түрде жұмыс жүргіземіз», — деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Астана.

МОДЕРНИЗАЦИЯ: БИЫЛ 38 КӨПҚАБАТТЫ ТҮРГЫН ҮЙ ЖӨНДЕЛДІ

Бағдарлама аясында тұрғындар күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалған қайтарымды қаржыны пайызсыз төлейді.

Жөндеу жұмыстары тұрғын үй иелерінің 70 пайыз келісімімен жергілікті атқарушы органдарына жазған өтінішіне сәйкес жүргізілетін болады.

Былыр қаладағы 37 үйге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Құрылыс барысында тұрғын үйлердің шатыры ауыстырылып, кіреберісі мен жертөлелері, қасбеттері жаңартылды. Тұрғындар қайтарымды қаражат есебінен жүргізілетін күрделі жөндеу жұмыстары бойынша «Тұрғын Үй Шымкент» ЖШС-не жазбаша өтінім бере алады. Мекен жайы: Республика даңғылы, №12 «А» 3-қабат.

БИЫЛ 1 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КӘСІПТІК ОҚУҒА ЖОЛДАНАДЫ

Отандық өндірісті дамыту мақсатында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылуда. 2023 жылы «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021—2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында 2431 азамат түрлі мамандық бойынша оқу ұйымдарына мерзімді кәсіптік оқуға жолданған. Биыл кәсіпорындар мен мекемелердің сұранысы бойынша 110 жұмыссыз азаматқа қайта оқыту курсына жолдама беріледі.

Кәсіптік оқыту мерзімі — 3 ай. Ай сайын шәкіртақы қаралған. Оқу сәтті аяқталғаннан кейін жұмыс беруші жұмыссыз азаматты әлеуметтік келісімшарт негізінде 10 жұмыс күні ішінде мәлімдеген жұмыс орнына кем дегенде 6 ай мерзімге жұмысқа орналастыруға міндетті.

Қалада қысқа мерзімді оқу курсы аяқтап, тұрақты жұмысқа орналасқан тұрғын көп. Бес баланың анасы Қарлығаш Узенбаева да жұмыс берушілердің сұранысына сай «пішуші-тігінші» мамандығы бойынша курсты тәмамдап, бүгінде 300 адам жұмыс істейтін үлкен фабрикада пішуші болып жұмыс істейді.



— Абай ауданы мансап орталығына жұмыссыз ретінде тіркелдім. Мамандар 3 айда жаңа кәсіп үйренуге мүмкіндік бар екенін айтып, қысқа мерзімді оқу курсына білім алуды ұсынды. Осылайша 2023 жылдың қыркүйегінде оқуды бастап, қарашаның соңында жаңа мамандық үйреніп, сертификат алдым. 2024 жылдың қаңтарынан бастап «KazPlast» тігін цехында кесуші болып жұмысқа орналастым. Жаңа кәсіп, жаңа бағыт көңілімнен шықты, — дейді кейіпкеріміз. Айта кетейік, биыл қысқа мерзімді кәсіптік оқу сәуір айына жоспарланып отыр.

«ҰРПАҚТАР КЕЛІСІМ ШАРТЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 23 АДАМ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСҚАН

Елімізде «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында «Ұрпақтар келісім шарты» бағыты жүзеге асырылуда.

Бағдарлама шартына сәйкес, жас маман тәжірибелі кәсіпқой маманның зейнет жасына 6 ай қалған мерзімде жұмысқа қабылданып, кейіннен орнын алмастырады. Жобаға қатысу мерзімі — 18 ай. Жалақы мөлшері 30 айлық есептік көрсеткіш (110 760 теңге) көлемінде төленеді.

«Ұрпақтар келісім шарты» жобасы аясында былтыр қалада 23 адам жұмысқа орналасты. Солардың бірі — Назерке Мұсабекова. Ол 2022 жылы Шымкент көпсалалы медициналық колледжін бітіріп, қалалық Еңбек мобильді орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген. Аз уақыттың ішінде қаладағы Орынбаев медициналық орталығына жолдама алған.

— Бірден жұмыс табылғанына қатты қуандым. Мамандығым — фельдшер. Емханадағы екпе бөліміне медбике болып орналастым. Жұмыс істеу барысында тәжірибелі мамандардан тамыр ішіне екпе салуды, ауыр науқастармен жұмыс жүргізуді үйрендім. Алты айдан кейін тұрақты жұмысқа қабылдандым. Өзге жас мамандарға да оқуды бітіре салысымен жұмыссыз ретінде тіркелуге, орталық жолдаған мекемелерге жұмысқа жүрексіңбей баруға кеңес беремін, — дейді ол.

Биыл бағдарлама аясында 20 адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Жобаға қатысу үшін қалалық Еңбек мобильдігі орталығына өтініш тапсырады. Ол үшін қатысушы оқуды аяқтағанына 2 жыл толмаған және жасы 35-тен аспаған болуы керек. Сондай-ақ жұмыссыз ретінде тіркелуі шарт.

Қала әкімінің аппараттық мәжілісінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында гранттардың, шағын несиелердің тиімділігін арттыруда атқарылып жатқан жұмыстар мен Наурыз мерекесіне дайындық жайы талқыланды.

Мәжілісте Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Б.Азимбердиев пен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Ж. Утебаева гранттар мен шағын несиелердің тиімділігін бақылау нәтижелерін баяндады. 2019-2023 жылдар аралығында «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде 227 инновациялық жобаға 5 млн. теңгеге дейін қайтарымсыз негізде грант берілген. Нәтижесінде қалада 341



ҰЛТТЫҚ ЖОБА АЯСЫНДА ҚАНША ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ?

жаңа жұмыс орны ашылды. Биылғы жылға 273 адамға 1,4 млрд теңге бөлініп отыр.

Жиын барысында Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Б. Орынтаев қала аумағында Наурыз мерекесін тойлау жоспарымен бөлісті. Іс шаралар 1-23 наурыз аралығында 15 негізгі локацияда өтеді. 1 наурыз «Алғыс айту»

күні шарасымен басталып, өдет-ғұрып, кәделерді насихаттайтын «Жоралғы күнімен» қорытындыланады.

Қала әкімі сала басшыларына кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы шаралардың тиімділігін қадағалауда, сонымен қатар Наурыз мерекесін халықтық мерекеге айналдыруда бірқатар тапсырма берді.

КАРЬЕРЛЕРДІ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА



Түркістан облысында заңсыз карьер қазушыларға қарсы күрес күшейтіле түсті. Осы салада атқарылған жұмыстар мен жоспарлар облыс әкімі аппаратының апталық отырысында талқыланды. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды табиғатқа зиянын тигізіп, заңсыз әрекетке барған жер қойнауын пайдаланушыларды қатаң бақылауға алып, тиісті жұмыстар жүргізуді жалғастыруды тапсырды.

— Жұмысын заңсыз жүзеге асырып, карьерлерді қазып жүргендерге қарсы қатаң шаралар қабылдануы тиіс. зен арналарына зақым келтіру, жолдарды бүлдіру оқиғалары тіркелді. Бей-жай қарап отыруға болмайды. Заң аясында жауапкершілікке тарту керек. Екіншіден, жауапты басқарма жер қойнауын пайдаланушыларға лицензия берерде олардың міндеттерін түсіндірсін. Кәсіпкерлер өз міндеттемелерін толық орындаулары қажет. Келісімшарт жасалып қойған кәсіпкерлерге де талапты күшейткен дұрыс, — деді Дархан Сатыбалды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Нұржігіт Мырзахметовтың айтуынша, өңірде 175 жер қойнауын пайдаланушы бар. Олар 84

келісімшарт және 91 лицензия негізінде жұмыс істейді. Карьерлердің басым бөлігі Сауран, Сайрам, Ордабасы аудандары мен Арыс қаласының аумағында орналасқан.

